

*Болат Шайменов<sup>1\*</sup>*

<sup>1</sup>Сулейман Демирель атындағы университеті, Қаскелен, Қазақстан

\*e-mail: [bolat.shaimenov@sdu.edu.kz](mailto:bolat.shaimenov@sdu.edu.kz)

## **АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫ ҰСТАНҒАН ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ – ТӘҮЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ АЛҒАШҚЫ ТҰЖЫРЫМДАМАЛЫҚ ИДЕОЛОГЕМАСЫ**

**Андатпа.** Бұл мақала алаш зиялышары ұстанған ұлттық мемлекеттік идеяның Қазақстанның бүгінгі идеологиялық бағытымен байланысын талдауға арналған. Тақырып бүгінгі күнге дейін бірнеше зерттеуге нысан ретінде алынса да, әлі өзектілігін жойған жоқ. Бүгінгі Қазақстан республикасының дамуға бағытталған стратегиялары XX ғасыр басындағы Алашорда үкіметі тұжырымдаған еске түсіруді қажет етеді. Жұмыста Алаш қозғалысы өкілдерінің ұлттық мемлекеттілікті қалыптастырудың қызметі және ұлттық идеологияны қайта жаңғыртудағы іс-әрекеттері баяндалады. Жапония үлгісіндегі демократиялық мемлекет құру идеясына сараптау жүргізіледі. Зерттеуде тарихшылар мен саясаткерлердің Алаш идеясына жасаған талдаулары негізге алынған.

**Түйін сөздер:** идеология, Алашорда, алаш зиялышары, репрессия, Кеңес Одағы, тәуелсіздік.

Қазақстан – бүгінде әлемдік аренада өзіндік орны бар, тәуелсіз және дамушы мемлекет. Тәуелсіздікке қол жеткізген отыз жылда еліміз бірқатар жетістіктерге жетті. Олардың барлығы дерлік стратегиялық жоспарлар мен идеологиялық тұжырымдардың негізінде жүзеге асты. «Қазақстан 2030», «Қазақстан 2050», «Мәңгілік ел» т.б стратегиялық бағдарлар дамыған елу елдің қатарындағы бүгінгі Қазақстанның жол картасы болды. Дегенмен еліміздің тәуелсіздігі мен ұлт болып үйисуымызға негіз болған идеологема жиырмасыншы ғасырдың басынан, егемен ел құруға талпынған алаш зиялышарының көзқарастарынан бастау алады.

Ғалым-жазушы Т.Жұртбай кеңестік идеологияның ықпалы мен өткен ғасырдағы халқымыздың рухани жағдайын сараптай келіп, алаш

зияллылары туралы келесідей тұжырым жасайды. «Қазақ елінің рухын тәуелсіз ұлт дәрежесіне жеткізу жолына бүкіл арман-мұратын, қайратын, талантын тағдыр талайына салғалар сол «астан-кестен заманда» өмір сұруімен де Бостандық рухының қасиетті бейнелеріне айналды. Олар ұлттың тәрбиесін зияллылары ретінде танылып, ісі алашқа мойындалды. Ұлттық биліктен айырылып, «өз қолынан өзінің ырқы кеткен соң да» (Абай) қазақтың қамын жеп елінің мұң-мұқтажын жоқтай білді. Азаматтық мойынсынбауды, Рухани тәуелсіздікті, Ұлт азаттығын мұрат тұтты» [1, 13 б.]. Ғалым атап көрсеткендегі, алаш қайраткерлерінің табандылығының арқасында «Алашорда» үкіметі құрылды. Бұл халқымыз үшін тәуелсіздікке жасалған алғашқы қадам еді. Бұл үкімет арқылы зиялды қауым қазақ халқының да дербес ел ретінде өмір сұруге құқы бар екенін негізделп берді. Алаш қозғалысының Ә.Бекейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ж.Досмұхамбетов, М.Шоқаев, Ж.Ақбаев, М.Тынышбаев, Р.Мәрсеков және т.б қайраткерлері еркіндік пен теңдік жолында ашық куреске шықты. Олар идеяларын «Қазақ», «Жас азамат», «Бірлік туы» сынды баспасөздер арқылы ұсынып, патшалық және кеңестік Ресейде болып жатқан өзгерістерді бақылаумен, халыққа түсіндірумен болды.

Алаш зияллылары ұстанған көзқарастың бүгінгі күнмен байланысы туралы тұжырымында тарихшы-ғалым М. Қойгелдиев 1917 жылы Алаш автономиясын құру туралы хабарламаның ұлттық мемлекеттілікті жаңғыртудың әрекеті болғанын сөз етеді. «Ресей империясының құрамындағы Алаш автономиясы» деу арқылы, Әлихан Бекейханов қазақтар өз мемлекеттің құруға әлі даяр емес дегенді білдіргісі келді. Ол жеке мемлекеттілікке өту үшін даярлық кезеңі қажет, тәуелсіздік туралы мәселені болашақта айтуға болады деді. Желтоқсанның сол бір күндерінде бір кездері Алаш қозғалысы өз алдына қойған мәселелер көтерді. Қазақстанның 1991 жылы мемлекеттілік алуды Алашорда идеясының занды жалғасы деп есептеймін», - деп қорытындылайды [2, 3 б.].

Отken ғасырда қазақ жерінде, қазақ қоғамында екі бірдей идеология ұstemдік етті. Оның бірі – таптық тартыстың «жауынгерлік құралына» айналған кеңестік идеология, екіншісі – ұлттық рухқа негізделген Алаш қозғалысының идеологиясы. Зерттеуші Т.Жұrbай айтқандай, «Идеология – байсалды мінезге, пайымды пікірге, тұрақты қозқарасқа ие тұлғаларды да жол айырығында әнтек аттатып, бұрыс бастырып жібереді. Егер сол идеология қандай да бір кек пен өштіктің, қарымта қайырудың қаруын айналса – қасірет» [3, 7 б.]. Қазақ баласына

қасірет әкелген кеңестік идеологияға тойтарыс беру үшін алаш зиялышары да идеологиялық жолды ұстанды. Аңқау халықты адастырып, мәңгүртке айналдыра бастаған, отаршыл жүйенің саяси «қаруына» қарсы тұру үшін Алашордалықтар қазақтың жан жарасына бойлады. Айтальық, оқығандарды халық арасына, ауылдарға жіберіп, қарапайым халыққа саяси жағдайды түсіндірді. Отарлық қамытынан арылудың халыққа қаншалықты қажет екенін айттып, бірігуге шақырды. Нәтижесінде көпшілік уездер мен ауылдарда комитеттер мен ұйымдар ашылып, қазақ мұддесі үшін сан-салалы жұмыстар атқарыла бастады. Алаштың зиялы қауымы өкілдері осындай ұйымдастыру, көпшілікке түсіндіру, насихат жұмыстарын атқару кезінде кездескен әртүрлі кедергілерге кеңестік жүйе мен отарлық саясатқа деген ызасын, азаматтық өкініштерін естеріне түсіріп, азаматтардың көкірегінде ұлттық намыс отын жағу үшін халықтың сана-сезіміне психологиялық әдістер арқылы әсер етті. «Халықтың құлағы һем көзі» саналатын басылымдар арқылы үndeулер жариялап отырды. Бұл идеологияның негізінде нағыз қазаққа керек ұлттық идея жатыр еді.

Негізінен алаш зиялышары ұстанған ұлттық идея бес түрлі бағытты қамтиды.

Алғашқы бағыт: жер, жер және жер. Себебі жерсіз мемлекет те, Отан да болмайды. Әлихан Бекейхановтың үйғарымы бойынша: «Қазақтың байырғы жерін қашан қазақтар өз бетінше ғылым мен техникаға сүйеніп толық игермейінше, жер жеке меншікке де, қоныстанушыларға да берілмейді». Бұл бағыт ұлттық мұддемізде көне түркі дәүірінен бері маңызға ие. Эйелі мен атын берген көршілеріне, жерін беруден бас тартқан Мәде хикаясы күні бүгінге дейін қазақ жерінің құндылығын сезіндіруде қолданылып келді. «Мәңгілік ел» стратегиялық жоспарында да жердің маңыздылығы негізгі мәселелердің қатарында қозғалады.

Келесі бағыт: жердің астындағы, үстіндегі, аспанындағы барлық илілік қазақ мемлекетіне қызмет етуі керек. Ә.Бекейханов айтқандай: «Оның әр бір түйір тасы қазақтың өніріне түйме болып қадалу керек». Алаш зиялышары ұстанған бұл бағыттың жүзеге асуын бүгінгі күндегі Қазақстанның даму жолымен дәлелдеуге болады. Демек, «Ұлы Дағындық жеті қыры» бағдарламасында қамтылған жер байлықтарын игеру мәселесі де жиырмасыншы ғасырдағы Алашордалықтардың ұстанған жолы, көздеген бағыты болған.

Үшінші бағыт та Әлихан Бекейхановтың жобасы бойынша жарияланған. «Қазақтың жерінде өндірілген бір уыс жұн сол мемлекетін азаматтарының үстіне тоқыма болып киілуі керек», -дейді ұлт зиялдысы. Бұл сөздердің астарында халықтың толыққанды экономикалық еркіндікке жетуін аңсау жатыр. Аталған ұстаным да бүгінгі Қазақстанның ұлттық мұддесінен орын алады. Дегенмен, екі ғасырдағы жағдайлардың бір-бірінен ерекшеленетінін ескеруіміз керек. Ә.Бекейхановтар заманында Қазақстан Ресейдің шикізат көзі болды: елде өндірілген өнімдердің өте көп бөлігі орталыққа жөнелтілетін. Сондықтан да алаш зиялдылары ел өнеркәсібінің өзімізге қызмет еткенін қалады. Ал бүгінгі жағдай сәл басқаша сипатқа иә. Енді еліміз ешқандай мемлекет үшін өнім өндірмейді, алайда экспорт пен импорттың теңсіздігінен халқымыз өзге елде өндірілген өнімдерді көбірек тұтынады. Демек, жоғарыда аталған Ә.Бекейханов ұстанымы әлі де ел экономикасының ұраны болуға лайықты. Төртінші ұстаным бойынша алаш зиялдылары «қазақ мемлекетінде мемлекет құрушы ұлттың тіл, дін, діл үстемдігі болуы керек», - деп есептеді. Арада жүз жылдай уақыт өтсе де осы ұлттық құндылықтар мәселесі бүгінгі Қазақстан үшін де үлкен маңызға ие. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласының жарияланып, сол бағытта жұмыстардың жүргізілуі үл үдеріс жүзеге аса бастағанымен, әлі де уақытты, әрекетті қажет етеді.

Өсіреле тіл мәселесі соңғы жылдары бір жүйеге қойылып, қазақ тілінің мәртебесі артып келеді.

Бесінші бағыт – алаш зиялдыларының негізгі мақсаты. Бұл тәуелсіз ғылымға, ұлттық салт-дәстүрге негізделген занға сүйене отырып, Жапонияның үлгісіндегі ұлттық-демократиялық мемлекет құру еді[3, 454 б.]. Дегенмен зиялды қауымның түпкі мақсаты дәл осы күйінде орындалған жоқ. Бүгінгі Қазақстан Франция үлгісіндегі конституцияны қабылдап, бірнеше ұлт пен ұлысқа Отан болып, дін мен тілдер арасындағы баланысты сақтап отырған зайырлы, унитарлы мемлекет. Әрине, алаш аңсаған демократияның ұлттық үлгісі қабылданбауы өз кезегінде бірқатар кедергілер алды келді. Алайда «елу жылда ел жаңа» десек, жүз жылда бірқатар өзгерістер енгендіктен, дәл Жапония үлгісін қабылдау мүмкін болмады. Тәуелсіздік алар жылдары жеріміз жүздеген халықтардың мекені болатын, әртүрлі дін, әр қылыш тіл қолданыста болды. Сондықтан бүгінгі Қазақстанның құруда Алашордашылардың ұлттық идеясының түп қазығы негізге алынбады. Алайда отыз жыл ішінде мемлекетімізде қабылданған зандар мен стратегиялық бағдарламалар бұл олқылықтың орнын толтырып

келеді. Айталық, елдің рухани өмірінде де, экономикасында да бірқатар өзгерістер орын алды. Шұбарланған тіл, ұмытыла бастаған ұлттық құндылық мәселесі де соңғы бесжылдыққа республиканың негізгі бағдарға алған нысаны болды. Себебі ел үкіметі қанша жердер көпұлтты, зайырлы қоғам құрамыз дегенімізben, ұлттың ертегі ұлттық болмыста екенін жақсы түсінді. Сол себепті де алаш зиялышарының асыл арманы бірте-бірте іске асып келеді.

Сонымен, кешегі «Алашорда» үкіметі мен бүгінгі тәуелсіз Қазастан арасында тарихи-мәдени сабактастықтың бар екені белгілі. Бұның бірнеше себептері де бар. Біріншіден, XX ғасырдың басындағы тарихи жағдайлар империялық отаршыл үкіметті дағдарысқа ұшыратты. Аталған тарихи оқиғалар кеңестік қоғамда көптеген резонанс туғызды. Мәселен, саяси жағдайларды бақылауда ұстап отырған алаш зиялышарының ел болашағының жаңа моделін құруына түрткі болды. Екіншіден, қазақ жерінде отаршылдыққа қарсы ұлттық азаттық бас қосулар көбейді. Үшіншіден, алаш зиялышары қазақ халқының ел болып қалыптасудағы шарттарын: мемлекеттік құрылым түрін, еуразиялық геосаяси аренадағы орнын, негізгі өкілеттігі мен мәртебесін әртүрлі жолмен, өз позицияларына сай дамытты. Саясатқа белсене араласқан алаш қайраткерлерінің тағы бір елеулі еңбегі – саяси сауатсыздықпен құрсіп, мемлекеттік мәселелерді жылдам шеше алуларында. Себебі жиырмасыншы ғасырдың басынан Кеңес одағы бірте-бірте дами берді. Бұл уақытта қазақ қоғамын сақтап қалу және ұлттың дамуы үшін барлық жағдай жасалған жаңа мемлекет құру қажеттілігі туды. Оның үстіне, аталған жағдайда мемлекет құру дегеніміз – қазақ халқы үшін ұлттық проблемаларды шешетін және халық болып қалыптасудың кілті жатқан негізгі шешім еді [4, 22 б.].

Өзара үш топқа (либералды-демократтар, түрікшілдер және социалисттер) бөлінген алаштың зиялышарының Ә.Бекейханов ұстанған ұлттық мемлекеттік өз-өзін ұйымдастыры идеясын жақтады. Және осы идея жолында тынымсыз енбек етіп, өмірлерін де құрбандағыққа берді. Ұлт-азаттық қозғалыстың жетекшісі және қазақ автономиясының алғашқы басшысы Әлихан – үкімет құрып қана қойған жоқ, барлық салада қазақ оқығандарының басын біріктірді. Бұл туралы Қошке Кеменгерұлы: «Үкіметтің қара құғын жасаган күндерінде, айдауына да, абақтысына да шыдал, ел үшін басын құрбан қылған ат төбеліндей ғана азаттық тобы болды. Бұл топты баулыған Әлихан», - деп жазады [5, 26 б.]. Сонымен қатар,

Әлихан Бекейханов «Қазақ» газетінің ақырғы санына дейін саяси және тарихи тақырыптарда көптеген мақалалар жариялады. Берінде де ұлттық рух, халық қамы, тіл жайын негізгі мәселе ретінде қозғады. Саяси мәселелерден бөлек, зиялыштардың қай-қайсысы да ғылымда, тілде, әдебиетте, мәдениет пен өнерде өзіндік із қалдыра білді. Демек, алаш ардақтылары көздеген негізгі идея – жан-жақты дамыған мемлекет құру, ұл болып үйису, кемел елдің негізін қалау еді. Бұл идея бүгінгі Қазақстанның да даму жолындағы темірқазық жоспары саналады.

Сөздің тоқетеріне келсек, Алаш идеясы – бүгінгі Тәуелсіз Қазақстан республикасының алғашқы тұжырымдамалық идеологемасы. Осыдан жүз жыл бұрын айтылып қойған, он жылға жетпей тамырына балта шабылған ұлттық идеяны еліміз отыз жыл еркіндіктің әр кезеңі бойы пайдаланып келеді. Демек, осыдан жүз жылдай уақыт бұрын күллі қазақ қоғамын саналы түрде қорғап, оларға шын жанашырлық сезімін көрсеткен, ұлтына ұл бола білген зиялыштардың еңбегі бүгінге де, болашаққа да аманат. Жоғарыда талданғандай ел іргесін берік ұстауда, мәнгілік ел құруда қазаққа идея іздел, жоспар құрудың керегі жоқ. Барлығы да ата- бабаларымыз жасаған жосда, олар көрсеткен ізде жатыр. Біздің алаш зиялыштары алдындағы адалдығымыз берін борышымыз: Алаштың аманатын санамызға сіңіру, соған лайық енбек ету, өткенге құрмет көрсету. Ең алдымен, «Керегеміз – ағаш, ұранымыз – Алаш» деген ұлттық идеямызды ұрпақ бойына сіңіріп, тәуелсіз қалпымызбен, еркін санамызбен болашаққа қадам баса беруіміз қажет.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

- 1 Тұрсын Жүртбай. Ұраным - Алаш! (түрме әфсанасы): зерттеулер. 1- том.– Алматы: Ел-шежіре, 2008. – 468 б.
- 2 Қойгелдиев М.Қ. Ұлттық саяси элита. Қызметі мен тағдыры (XVIII – XX ғғ.). Зерттеулер. – Алматы: Жалын, 2004.– 400 б.
- 3 Тұрсын Жүртбай. Ұраным - Алаш! (түрме әфсанасы): зерттеулер. 2- том.– Алматы: Ел-шежіре, 2011. – 464 б.
- 4 Аманжолова Д.А. Алаш исторический смысл демократического выбора. – Алматы: Таймас, 2013. – 400 с
- 5 Аллаберген Қ. Алты алаштың ардақтылары: монография. – Алматы: Рауан, 1994. – 111 б.

## References

- 1 Tūrsyn Jūrbai. Ūrany - Alaş! (türme äfsanasy): zertteuler. 1- tom.– Almaty: El-şejire, 2008. – 468 b.
- 2 Qoigeldiev M.Q. Ülttyq saiasi elita. Qyzmeti men taşdyry (HVIII – HH ğğ.). Zertteuler. – Almaty: Jalyn, 2004. – 400 b.
- 3 Tūrsyn Jūrbai. Ūrany - Alaş! (türme äfsanasy): zertteuler. 2- tom.– Almaty: El-şejire, 2011. – 464 b.
- 4 Amanjolova D.A. Alaş istoricheski smysl demokraticeskogo vybora. – Almaty: Taimas, 2013. – 400 s
- 5 Allabergen Q. Alty alaştyň ardaqtylary: monografia. – Almaty: Rauan, 1994. – 111 b.

*Bolat Shaimenov*

<sup>1</sup> Suleyman Demirel University, Kaskelen, Kazakhstan

\*e-mail: [bolat.shaimenov@sdu.edu.kz](mailto:bolat.shaimenov@sdu.edu.kz)

## THE NATIONAL IDEA OF THE ALASH INTELLECTUALS – THE FIRST CONCEPTUAL IDEOLOGY OF INDEPENDENT KAZAKHSTAN

**Abstract.** This article is devoted to the analysis of the connection of the National state Idea, which was adhered to by the Alash intelligentsia, with the current ideological direction of Kazakhstan. The topic has not yet lost its relevance, although it has been taken as the object of several studies. Today's development strategies of the Republic of Kazakhstan require a reminder of the idea of Alashorda, formed by the government at the beginning of the XX century. The work highlights the activities of representatives of the Alash movement in the formation of national statehood and the role in the modernization of national ideology. An expert examination of the idea of creating a democratic state on the example of Japan was carried out. The research is based on the research of historians and politicians about the Alash intelligentsia.

**Keywords:** ideology, Alashorda, the Alash intelligentsia, repression, the Soviet Union, independence.

*Болат Шайменов<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>Университет имени Сулеймана Демиреля, Каскелен, Казахстан

\*e-mail: [bolat.shaimenov@sdu.edu.kz](mailto:bolat.shaimenov@sdu.edu.kz)

## **НАЦИОНАЛЬНАЯ ИДЕЯ ИНТЕЛЛЕКТУАЛОВ АЛАША – ПЕРВАЯ КОНЦЕПТУАЛЬНАЯ ИДЕОЛОГИЯ НЕЗАВИСИМОГО КАЗАХСТАНА**

**Аннотация.** Данная статья посвящена анализу связи Национальной государственной идеи, которой придерживалась алашская интеллигенция, с сегодняшним идеологическим направлением Казахстана. Тема до сих пор не утратила своей актуальности, хотя и была взята в качестве объекта нескольких исследований. Сегодняшние стратегии развития Республики Казахстан требуют напоминания об идее Алашорды, сформированной правительством в начале XX века. В работе освещается деятельность представителей движения Алаш в формировании национальной государственности и роль в модернизации национальной идеологии. Проведена экспертиза идеи создания демократического государства на примере Японии. Исследование основано на исследованиях историков и политиков об алашской интеллигенции.

**Ключевые слова:** идеология, Алашорда, алашская интеллигенция, репрессия, Советский Союз, независимость.

*Келіп түсті 13 Қаңтар 2022*